# Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Қостанай облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 17 маусымдағы N 3550.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Мына аудандар:

1) Ақтөбе облысы бойынша:

Әйтеке би, Ақтөбе, Мұғаджар аудандары;

2) Батыс Қазақстан облысы бойынша:

Жалпақтал, Приурал аудандары;

3) Қызылорда облысы бойынша:

Сырдария ауданы;

4) Қостанай облысы бойынша:

Амантоғай, Арқалық, Октябрь аудандары таратылсын.

2. Мына аудандар:

1) Ақтөбе облысы бойынша:

Бөгеткөл ауданы Әйтеке би ауданы;

Ленин ауданы Қарғалы ауданы;

Октябрь ауданы Мұғаджар ауданы;

Октябрь қаласы Қандыағаш қаласы;

2) Қостанай облысы бойынша:

Камышнин ауданы Қамысты ауданы;

Комсомол ауданы Қарабалық ауданы;

Ленин ауданы Ұзынкөл ауданы;

Орджоникидзе ауданы Денисов ауданы;

Семиозер ауданы Әулиекөл ауданы;

Урицкий ауданы Сарыкөл ауданы болып қайта аталсын.

3. Мына атаулардың орыс тіліндегі транскрипциясы:

Кзыл-Орда облысы Қызылорда облысы;

Кзыл-Орда қаласы Қызылорда қаласы;

Кустанай облысы Қостанай облысы;

Кустанай қаласы Қостанай қаласы;

Қостанай облысының Кустанай ауданы Қостанай ауданы болып өзгертілсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Қызылорда арнайы экономикалық аумағының шекарасын өзгерту жөнінде ұсыныс енгізсін;

"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңына Ақтөбе облысының таратылған Мұғаджар ауданының халқы үшін көзделген экологиялық дағдарыс жағдайы алдындағы аймақ жөніндегі жеңілдікті сақтау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізсін;

осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК